

**Т. Кеңесбаева, 2-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Б. Т. Абдықалықов, педагогика және психология**  
**кафедрасының оқытушысы**  
**(Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы)**

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ДЕФОРМАЦИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қылмыс жасағандармен, қоғамдық тәртіпті бұзушылармен үнемі негативті қарым-қатынас жай ғана байқаусыз қалмай, оның жеке тұлғасына кері әсерін тигізеді, ал кейбір жағдайларда қызметкерлердің тұлғасының кәсіби деформациясына әкеліп жатады. Қызметкердің кәсіби деформацияға ұшырауы дегеніміз — бұл белгілі бір іс-әрекет мақсатымен ерекше шарттардың ықпалынан туындаған тұлғаның психологиялық түрде өзгеруін айтамыз. Яғни тұлғаның жағымсыз жаққа өзгеруі туралы сөз қозғалады.

Жұмыстың көптігінен шаршағандықтан, қызметкерлерде келушілерге деген тітіркенушілік қалыптасады. Кәсіби деформация барысында «мен кәсіпқой» ұстанымының «мен адам» ұстанымымен басылып қалуы орын алады. Қызметкер үйіне келгенде, жақындарымен бірге уақыт өткізсе де, өзін жұмыстағы маман ретінде ұстайды<sup>1</sup>.

Түзету мекемесінде немесе жабық мекемеде қызмет ететін адамда еңбек барысында үзілістер, дағдарыстар, шайқастар, кәсіби іс-әрекеттегі қателіктер пайда болып, кәсіби дамуда жағымсыз көріністер туындауы мүмкін. Осындай қауіптерді білу адамға ұзақ уақыт бойы жұмыс қабілеттілігін қолдай отырып және кәсіби ұзақтылығын сақтауға көмектеседі.

Осындай кәсіби іс-әрекет нәтижесінде бір саздық (монотония), шаршау, қажу, кәсіби дағдарыс сияқты күйлер пайда болады.

Еңбек процесі кезінде адамда қажу күйі пайда болады. Әдебиеттерде еңбектік қажуды, еңбек процесі кезінде пайда болған организмнің физиологиялық жылжу комплексі ретінде түсіндіреді. Еңбек қажуы еңбек қабілетін төмендетеді және жұмыстың сыртқы талаптарының арасында қақтығыстар тудырады. Бірнеше авторлардың пікірінше қажу - еңбек қабілетінің уақытша төмендеуі ретінде табиғи, физиологиялық күй деп есептейді. Ол еңбек іс-әрекетін орындаудың нақтылы сатысында еріксіз пайда болады және де ол қорғаныс функциясы болып келеді. Қажу — шаршау күйі ретінде субъективті түрде бастан кешіріледі. Шаршау бұл қажу кезіндегі психикалық күй. Психологияда қажудың бірнеше түрлерін ажыратады. Физикалық қажу кезінде бұлшық еттің шыдамдылығы мен күші төмендейді, қозғалыстың дәлдігі нашарлайды; ақыл ой қажуы кезінде бақылампаздық пен ес нашарлайды. Ал эмоционалды-мотивациялық шаршау, қажу кезінде мотивациялық және эмоционалды тұрақсыздық пайда болады<sup>2</sup>.

Жаңару кезені болмаған қажу күйі қызметкерді ұзақ уақытқа созылған қажу мен шаршауға әкеп соғады. Ұзақ уақытқа созылған қажу күйі — бұл шекаралық күй, ол тітіркендіргіштікпен ере жүреді, нәтижесінде жұмысқа деген қызығушылық төмендейді. Шаршау кезінде жеке тұлғаның тұрақты өзгерістері пайда болады, олар эпизодтық қақтығыс, тітіркендіргіштік, әлсіздік, жоғарылатылған эмоционалды күйреуге әкеліп соқтырады. Тым қатты шаршау кезінде — интроверттілік, агрессивтілік, депрессивтілік сияқты тұрақты қасиеттер пайда болады. Осыны болдырмау үшін еңбек пен демалыстың алмасу тәртібін қадағалау қажет.

Кәсіби іс-әрекет барысында адамда шаршаумен қатар тағы бір жағымсыз психикалық күйлер туындауы мүмкін. Ол бір қалыпты өзгеріссіз жағдайдағы күй. Бір саздық өмірлік аймақтың шектеулігімен сипатталады. Бұл күй көптеген колония қызметкерлер үшін тән. Сыртқы әлеммен байланысы шектеулі болып табылады. Бұл жағдайдың нәтижесінде астенияның пайда болуы ықтимал, яғни жүйке жүйесінің тозуы, тітіркендіргіштік, депрессия, галлюцинация сияқты психикалық күйлер пайда болады<sup>3</sup>.

А. Н. Маркова алдын алу жолдарында біртептік қозғалыстар мен операциялардың ритмикалығын бұзу шараларды қондыру қажет деп тұжырымдады.

Бір саздықты жеңу үшін психологиялық тәсілдер ұсынылады: қызметкерлерге жұмыс мақсатын түсінуге жағдай жасау, еңбектің мағыналық және мазмұндық жақтарына көңіл бөлуге тарту.

Өмірге қауіп бұл да жабық түзету мекеме қызметкерлерінде байқалатын жағдай. Ол қызмет ету шарттарымен сипатталады және қызметкерлердің жеке бас қауіпсіздігі туралы ешқандай кепілдеме бере алмайды. Егерде мысал ретінде келтірсек, түзету мекемелерінде отырған бас бостандығынан айрылған адамдар бунт немесе қандайда бір шайқас шығаратын болса, әрине қызметкерлерге ешқандай дене зақымдары келмейді деп кепіл берілмейді. Бірнеше жағдайлар қатарында, бұл фактор кейбір қызметкерлерде тұрақты мазасыз күйінде көрінетін невроздың дамуына жол ашады.

Іс-әрекеттегі жағымсыз факторлардың тағы бірі адамның психикалық қысым күйі. Психикалық күштеңу күйінің пайда болу себептері іс-әрекеттің қиын шарттарымен және қақтығыспен негізделеді. Бұл күйдің екі түрі сипатталады: іс-әрекетке жағымды эффект беретін қысым және іс-әрекеттің дезинтеграциясына әкелетін тұрақты психикалық және қозғалыс функцияларының төмендеуін сипаттайтын қысым.

Н. Н. Пуховский еңбегіндегі жазып кеткен іс-әрекет негізінде пайда болған психикалық қысымның бірнеше түрлерін көрсетуге болады, олар:

- 1) Перцептивті (информацияны қабылдау жағдайында туатын қиыншылықтар);
- 2) Интеллектуалды (критикалық жағдайдан шыға алмау);
- 3) Эмоционалды (іс-әрекетті бұзатын эмоцияның пайда болуы);
- 4) Мотивациялық (мысалы, қауіп пен тәуекелдіктен бас тарту).

Адамның мотивациясы мен эмоциясын есепке ала отырып қосымша операцияларды қысым және эмоционалды қысым көрсетілген. Операцияларды қысым — іс-әрекет процесіне адамның нейтралды тұрғысы, ол іс-әрекеттің орындалуына әсерін тигізеді, ал эмоционалды қысымның белгілері қозғалыс координациясының бұзылуынан байқалады.

Адамның еңбегіндегі жағымсыз фактордың келесісі — кәсіби дағдарыс. Кәсіби дағдарыс жоғары кәсіби қызметкерде байқалады. Кәсіби дағдарыс кезінде кәсіби өзіндік бағалауының төмендеуі, қорғаныс мотивтерінің күшеюі байқалады. Егерде адам дағдарыстармен күресе алмаса, онда тұлғалық деформация пайда болу мүмкін. Тұлғада деформация көріністерінің бірі ретінде - кәсіби этикалық қателіктер болып табылады. Кәсіби деформация түзету мекемелеріндегі қызметкерлерінде эмпатияның төмен болуында көрінеді.

Еңбек іс-әрекетінің эффективтілігі үшін, психикалық күйдің кәсіби қызығушылығы маңызды болады. Ал еңбек іс-әрекетінің сәтті орындалуы үшін тұлғалық психикалық ретінде кәсіби қызығушылық қажетті болып есептеледі. Кәсіби қызығушылық күйі үшін: кәсіби іс-әрекет маңыздылығын түсіну, ол туралы көбірек білуге және сол аймақта белсенді әрекет ету қажетті болады. Тұлғаның кәсіби деформациясын болдырмау мақсатында, кәсіби қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс істеу керек.

Жалпы қылмыстық атқару жүйесі қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі деформация мәселелерін шешу кешенді жүйелендірілген іс-шараларды ұйымдастыруды қажет етеді. Бүгінгі таңда түрлі мекемелерде осы бағыттағы жұмыс өзінің бастауын тауып отыр. Осы мәселеге түрлі деңгейдегі басшылық қызметкерлері аса көңіл бөліп отыр. Осы орайда атқарылатын жұмыстың психологиялық қызмет жұмысымен тығыз байланыста болуы басты мәселелердің біріне айналғандығын және кәсіби деформацияның алдын алудың негізгі шарты ретінде еңбек пен демалыстың алмасу тәртібін үнемі қадағалап отыру қажет екендігін атап айту керек. Сонымен қатар кез-келген қызметкердің жеке басына байланысты өзін жан-жақты дамыту жұмыстарын жүйелі түрде орындауы қажеттігін түсінуі керек.

<sup>1</sup> Борисова С. Е. Профессиональная деформация сотрудников милиции и ее личностные детерминанты; Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1998. — С. 31.

<sup>2</sup> Соколов И. И., Сысоев А.М., Горностаев С. В. Профессиональная деформация личности сотрудников уголовно-исполнительной системы: возникновение, развитие, профилактика: Монография / Под ред. И. И. Соколова. — Рязань, 2005. — С. 201.

<sup>3</sup> Водопьянова Н. Е., Старченкова Е. С. Синдром эмоционального выгорания. — СПб., 2008. — С. 206.